

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ  
С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.  
Д.АСФЕНДИЯРОВА

# *Тақырыбы: Жұқпалы мононуклеоз*

Орындаған: Джанысбаева Насихат

Топ:427-01

Тексерген: Майра Сейлғазиевна.

# *Жоспары*

*Негізгі бөлім;*

- *Жұқпалы мононуклеоз анықтамасы*
- *Этиологиясы*
- *Клиникалық көріністері*
- *Емдеу әдістері т.б*

*Қорытынды;*

*Пайдаланылған әдебиеттер;*

**Жұқпалы мононуклеоз-** барлық лимфа түйіндерінің, әсіресе мойын бездерінің, шошынып үлкеюімен, бауыр және көкбауыр ұлғаюымен, қан айналымында атипті мононуклеарлардың пайда болуымен сипатталатын жедел жұқпалы дерт.



## *Этиологиясы*

*Қоздырғышы- адамның В лимфатроптық вирусы (Эпштейн –Барр вирусы, вирусты ашқан ғалымдардың атымен аталған) адамның 4-типінің герпесвирус туыстастығына жатады. Вирустың төзімділігі нашар. Вирусты жоғары температурада , әртүрлі дезинфекция жасаушы заттармен кептірген кезде де тез өледі.*

*Вирусты тасымалдаушы болып сол аурумен ауыратын науқастар , сонымен қатар сау вирус тасымалдаушылар. Науқас адамнан вирус инкубациондық кезеңде шығады, осы кезең клиникалық көріністермен көрінеді және 4-ші – аптадан 24-ші аптаға дейін аурудан айығу кезеңі.*

# *Берілу механизмі*

*Ауалы – тамшылы жолмен , тығыз байланыс арқылы (сүйіскенде, қол арқылы, ойыншықтар және ортақ заттар арқылы). Жыныстық жол арқылы жүзуі мүмкін.*



***Көбіне науқас болатындар*** - балалар, жас өспірімдер, 14-29 жас адамдар, көбіне ер адамдар ауырады. Балалық шақта - біріншілік ауырған кезде ауру белгілерсіз респираторлы түрде өтеді, кішкене есейген кезде – белгісіз түрде өтеді. Ал 30-35 жас аралығында көптеген адамдарда қандарында жұқпалы мононуклеозға қарсы антидене қалыптасады, сол себепті үлкен адамдарда оның клиникалық көріністері аз көрінеді



# *Клиникалық көріністеріне жататындар:*

- Дененің жоғарғы температурасы*
- Интоксикация*
- Баспа (ангина)*
- Лимфа түйіндерінің үлкеюі*
- Бауыр және көкбауырдың үлкеюі*
- Қандағы өзгерістермен көрінеді*
- Т.б.*

*Аурудың бастапқы уақытында дененің 38-39 С дейінгі жоғары температурасымен, бастың ауруымен, жүрек айнумен, денедегі ауырлықты сезінеді. Науқастардың көбісінде ауру баяу басталады: ұйқысыздық, әлсіздік, мұрынның бітуі, көздің ісінуі және тағы басқа.*

*Көбінесе барлық жұқпалы мононуклеозда 3 бірдей белгілері бірден басталады, олар: жоғарғы температура, баспа, лимфа түйінінің үлкеюі. Бастапқы кезеңнің ұзақтығы 4-5 күнді құрайды.*



# *Жұқпалы мононуклеоз кезіндегі баспа.*

*Баспа көбінесе катаральді түрде болады (миндалиналары таза дақсыз), бірақ кейде миндалиналарда көлемдері әртүрлі жеңіл алынатын қабыршақпен қапталады. Баспа 2 апта және оданда ұзаққа созылады*



## *Емдеу әдістері;*

- Режим.Интоксикация болған жағдайда төсекте жату керек.*
- Диета.*
- Медикаменттермен емдеу әдістері*
- Патогенетикалық және симптоматикалық терапия.*
- Өңешті жергілікті шаяу фурацилин,ас содасымен,түймедақпен т.б. ерітінділермен шаяу.*

*Антибиотикотерапия-екіншілік бактерия қосылғанда қолданылады.Пенициллиндер тобындағы антибиотиктер, ампициллинді санамағанда( анық токсико-аллергендік реакцияны шақырады)*

# *Жұқпалы мононуклездың профилактикасы.*

*Спецификалық*

*Бейспецификалық*

*Спецификалық профилактика* *әлі құрастырылмаған.*

*Бейспецификалық профилактиканың* *міндеті ағзаның жалпы иммунды резистенттілігін көтеру үшін арналған.*

## *Қандай жағдайда біз дәрігерге көрінуіміз керек?*

Келесі белгілер пайда болғанда міндетті түрде дәрігерге көрінуіңіз керек:

*Дененің жоғарғы температурасы 38-39°C дейін және интоксикация болған жағдайда ( бас ауруы , дененің ауырлауы), баспа (жұтынған кездегі тамақтың ауыруы), лимфа түйіндерінің үлкеюі, әсіресе мойын бөлігінде. Осы жағдайларда көрінуіңіз керек.*



# *Пайдаланылган әдебиеттер:*

*www.google.ru*

*www.google.kz*

*www.yandex.ru*

*www.medkaz.ru*

*және т.б.*



Назарларыңызға  
Көп рахмет!!